ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 5 қаңтар Іс №7119-23-00-2/15284 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья Қ.Б.Сәрсекеев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Көпсалалы медицина орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"Medical company "Suncar" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою арызы қанағаттандырылсын.

"Medical company "Suncar" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Medical company "Suncar" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж соммасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Документ подписан: Сарсекеев К. Б., 05.01.2024
Дата вступления в законную силу: 12.02.2024, судья Сарсекеев К. Б., 30.04.2024

Судья Қ.Б.Сәрсекеев

Документ подписан: Сарсекеев К. Б., 05.01.2024

Дата вступления в законную силу: 12.02.2024, судья Сарсекеев К. Б., 30.04.2024

7119-23-3-1/15348